



ЕЛ ТІЛЕГІ

gazeta_eltilegi@mail.ru

№44 (900) Сәрсенбі 30 қазан 2024 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

<http://www.qsip.kz/>

<http://www.instagram.com/eltilegigazeti>

<http://www.facebook.com/eltilegigazeti>



ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ АЛҒАШҚЫ ҮШТІКТЕ

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен Үкімет отырысы өтті. Күн тәртібінде машина жасауды дамыту мәселелері қаралып, өңдеу өнеркәсібінің экономикадағы үлесі тау-кен саласынан асып, тұрақты өсім көрсеткені айтылды. Жиынға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев селекторлық режимде қатысты.

Үкімет отырысынан кейін аймақ басшысы арнайы мәжіліс өткізіп, жауапты сала мамандарына шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту, атаулы әлеуметтік көмек көрсету мен бюджеттің игерілуі бойынша тапсырмалар жүктеді.

«Биыл жеке кәсіпкерлердің 3 мыңға жуық жобасына 42 млрд. 500 млн. теңге көлемінде қаржылай қолдау көрсетілді. Дегенмен, аймақта дара кәсіпкерлер санының өсу қарқыны өткен жылмен салыстырғанда төмендеген. Әрбір өкім өзі басқаратын елді мекендегі жұмыссыздар санын азайту, жана жұмыс орындарын ашу, халықтың табыс көзін арттыру секілді негізгі шараларға баса назар аударуы керек. Менің тапсырмаммен жыл басында әлеуметтік көмек алушылар санын 30 пайызға төмендету туралы тиісті басқарманың, Қызылорда қаласы мен аудан әкімдіктерінің жоспары бекітілді. Шынайы табысын жасырып, жалған ақпарат ұсынып, масылдық оймен көмек алу үшін

тұрғындар түрлі әрекеттерге баруда. Атаулы әлеуметтік көмек тек шын мұқтаж отбасыларға ғана берілуі қажет. Қала және аудан әкімдеріне учаскелік комиссиялардың жұмысын күшейтіп, жыл соңына дейін белгіленген жоспарды орындауды тапсырамын», – деді Н.Нәлібаев.

Айта кетейік, өткен жылдың қорытындысымен жастардың кәсіпкерлік бастамасына шағын несиелі алу бойынша Қызылорда облысы республикада екінші орынды иеленіп, 492 азамат кәсібін бастаған. Сонымен қатар, Қызылорда өңірлік инвестициялық орталығының несиелендіру жұмысын жандандырып, ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу саласын дамытуға 1 млрд. 500 млн. теңге қаржы бөлінді. Осылайша шағын және орта кәсіпкерліктің өнім шығарылымы 33,6 пайызға ұлғайып, облыс республикадағы алғашқы үштіктен көрінді. Биыл атаулы көмекке 5 млрд. 900 млн. теңге қаржы бөлініп, 9 айдың қорытындысымен 31 869 адамға 2 млрд. 100 млн. теңге төленді.



«ЕЛ ТІЛЕГІ» ГАЗЕТИ

еліміздің барлық өңірлеріне тарайды. Бүгінде өзінің оқырмандары асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымдарға 2025 жылдың I жартыжылдығына жазылу науқаны жүріп жатыр.

«Ел тілегі» газетіне жеке жазылушылар үшін индекс 65007

6 айға – 2800 теңге;

БАСЫЛЫМДЫ АСЫҒА КҮТЕТІН ОҚЫРМАҢДАРЫМЫЗБЕН ӘРДАЙЫМ БІРГЕМІЗ!

- Мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз, бизнесте мол табысқа қол жеткізіңіз келсе, «Ел тілегі» газетіне жарнама беріңіз!
- Сонымен бірге құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса, құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

Қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар: 8(7242) 27-85-75; 8-7059827661, 8 777 752 54 63.

ӘБДІЖӘМІЛ НҮРПЕЙІСОВТЫҢ ТУҒАНЫНА 100 ЖЫЛ



Алматы қаласында әдебиет классигі Әбдіжәміл Нұрпейісовтың 100 жылдығына арналған шаралар өз жалғасын тапты. Жазушы тұрған үйге ескерткіш тақтаның ашылуы, Достық үйінде Жазушылар Одағының бастамасымен «Әлем таныған Әбдіжәміл» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция ұйымдастырылды.

Конференцияға Франция, Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан, Әзірбайжан, Литва және т.б. шетелдік жазушылар мен еліміздің зиялы қауым өкілдері, мемлекет және қоғам қайраткерлері қатысты. Жиынды Жазушылар Одағының төрағасы М.Құлқенов жүргізді. Алғашқы сөз алған Мәдениет және ақпарат министрі А.Балаева Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының Құттықтау хатын оқып, жазушыны ұлықтауға арналған конференция жұмысына табыс тіледі. Алматы қаласы әкімінің орынбасары А.Қалдыбеков, ТҮРКСОЙ ұйымының төрағасы С.Раев, Халық жазушысы С.Елубай, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Н.Оразалин, халық әртісі А.Әшімов, мемлекет және қоғам қайраткері Қ.Көшербаев, Қырғыз Республикасының ақыны М.Азаматов, жазушының қызы Ш. Нұрпейісова классик жазушының сан түрлі тұлғалық қырларына тоқталып, шығармашылығы туралы сөз етті. Конференция жұмысына Сыр өңірінің делегациясы арнайы қатысты.

Шарада сөз алған Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Ш.Байманов аймақ басшысы Н.Нәлібаевтың құттықтауын оқып, конференция ұйымдастырушылары мен қатысушыларына сәттілік тіледі. Конференциядан кейін абыз ақсақалдың рухына арналған салтанатты ас берілді.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі



ТАТАРСТАНДА АБАЙ ЕСКЕРТКІШІ АШЫЛДЫ

Татарстан астанасында қазақтың ұлы ақыны әрі ойшылы Абай Құнанбаевқа арналған ескерткіштің ашылу салтанаты өтті.

Мәдениет және ақпарат министрлігі хабарлағандай, Ұлы ойшылдың ескерткіші Қазан қаласында Назарбаев пен Качалов көшелерінің қиылысында орнатылды. Іс-шараны Қазақстан Президентінің 2024 жылғы 22-24 қазан аралығында өтіп жатқан БРИКС мемлекет басшыларының XVI Саммитіне қатысу үшін Қазан қаласына жұмыс сапары аясында өткізілді. Ашылу салтанатына Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева, Татарстан Республикасының Мәдениет министрі Ирада Аюпова, Қазандағы ҚР Бас консулы Ерлан Ысқақов, сондай-ақ Татарстан Жазушылар одағының төрағасы Рқайл Зайдуллин, сондай-ақ қала тұрғындары мен қазақ ұлттық-мәдени автономиясының өкілдері қатысты. ҚР Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева Қазанда ескерткіштің ашылуын халықтар арасындағы достықтың, өзара түсіністік пен рухани туыстықтың үлгісі екенін айтты.

«Бүгінгі іс-шараның БРИКС мемлекеттері ынтымақтастығы саммиті аясында өтіп жатқанымен өзі іс-шараға ерекше сипат беріп тұр. Бұл екі ел арасындағы мәдени байланысты нығайтып, тереңдете түсері сөзсіз. Абай – өз ұлтының рухани байлығын бойына сіңіре отырып, жалпы адамзаттық ой-пікір деңгейіне көтерілген тұлға. Біздің

халықтар арасындағы өзара мәдени құндылығымыз артып, достығымыз нығая берсін», – деді Аида Балаева.

Ұлы ойшылдың ескерткіші Қазан қаласында Назарбаев пен Качалов көшелерінің қиылысында орнатылды. Биіст авторы – Қазақстан Республикасы Суретшілер одағының мүшесі, мүсіні Нұрбол Қалиев.

«Қазақстанның Ресеймен достық қатынасын дамыту аясында Татарстанға, біздің мәдениетімізге шынайы қызығушылық танытып жатқанын қуантты. 2018 жылда Қазақстан тарапынан Қазан қаласына қонақжайлық белгісі – «Тайказан» мүсіні сыйға берілді. Бүгін Абайдың ескерткіші де дәл осы жерде, осы алаңда орнатылуы кездейсоқ емес. Ресейде ұлы қазақ ақынына деген құрмет ерекше. Еліміздің астанасында Абайдың ескерткіші орнатылған. Сондай-ақ Ресейдің бірқатар қалаларында Абай Құнанбайұлының атымен аталған көшелер бар. Бүгінгі іс-шара – қазақ пен татар халықтарының рухани бірлігіне негізделген ұзақ жылдар бойғы жемісті іскерлік пен мәдени байланыстардың нәтижесі деп білеміз», – деді Татарстан Республикасының Мәдениет министрі Ирада Аюпова.

Салтанатты іс-шара қазақ ақынының ескерткішіне гүл шоқтарын қою рәсімімен қорытындыланды.



ҮШЖАҚТЫ МЕМОРАНДУМҒА ҚОЛ ҚОЙЫЛДЫ

Қызылордада «Оңтүстік Торғай, Шу Сарысу бассейндері көмірсутектерінің ресурстық базасын дамыту және кен орындарының мұнай деңгейін арттыру перспективасы» тақырыбында ІІ Қазақстан CNPC техникалық семинары басталды. Жиынға «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы Асхат Хасенов, Энергетика вице-министрі Арымбек Құдайбергелі, қытайлық «CNPC» компаниясының вице-президенті Чжан Даовэй қатысты. Басқосуда аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев семинарға қатысушыларға сәттілік тілеп, Сыр өңірінің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы мұнай компанияларының үлесін атап өтті.

Бүгінде игерілген кен орындарының көпшілігі өндірістің соңғы сатысына шыққан. Қолданыстағы мұнай кеніштерінің табиғи сарқилуына байланысты 2013 жылдан бері мұнай өндіру көлемі шамамен 65%-ға қысқарды. Сондықтан, өңдеу өнеркәсібін дамыту арқылы өңір экономикасын әртараптандыру жұмыстары қолға алынды. Осылайша мұнай қорының сарқилуы салдарынан соңғы 10 жыл бойы төмендеу тенденциясын көрсетіп келген өнеркәсіп өндірісі өткен жылдың қыркүйек айынан бастап оң динамикаға шықты. Саланың дамуы отандық мұнай-сервистік

компаниялардың дамуына жол ашты. Аймақта қалыптасқан мұнай-сервистік белдеу қаншама отбасының осы саладан табыс табуына мүмкіндік беруде.

Бүгінде мұнда 10 мыңнан астам адам жұмыспен қамтылған. Жалпы алғанда, облыстың өнеркәсіп өндірісінде мұнай-газ саласының үлесі шамамен 50%-ды құрайды. Өңдеу саласындағы өсу қарқыны бойынша облыс 2022 жылы республикада 11-орында болса, биылдан бастап бірінші орында. Экономика салаларында, әсіресе инвестиция тарту, құрылыс салу, сауда айналымы, көлік қызметі, ауыл шаруашылығында жүргізілген жүйелі жұмыстардың арқасында бүгінде облыс экономикалық даму қарқыны бойынша өңірлер арасында көшбасшы позициясында. Мұнай компаниялары аймақтағы бірқатар әлеуметтік мәселелер мен жобаларды шешуге қолдау көрсетуде. Соңғы 10 жылда өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына 17 млрд. теңгеге жуық қаржы бөлінді.

Кездесу соңында облыс әкімдігі, ҚР Энергетика министрлігі, «Қазмұнайгаз» ұлттық компаниясы сұйытылған мұнай газын өңдеу қондырғысының жылдық қуаттылығын 2025 жылдан бастап алдағы 10 жыл ішінде 120 мың тоннаға дейін арттыруға бағытталған үшжақты меморандумға қол қойды.

ТАКСИ ЖҮРГІЗУШІЛЕРІНЕ ТАЛАП ҚАТАЙДЫ

Осы жылдың мамыр айында Көлік және Ішкі істер министрлігімен және «InDriver», «Яндекс» такси қосымшаларының басшылығы арасында өзара Меморандум жасалған еді.

Осы меморандумға сәйкес 2025 жылдың I қаңтарынан бастап «InDriver» такси қосымшасына

басқа мемлекетте тіркелген, басқару құрылғылары оң жақта орналасқан және ҚР Заңнамасын жиі бұзатын автокөліктерге тіркелуге шектеу қойылады.

«Сонғы кездері жүргізушінің тынығу режимінің бұзылуы, рейс алдында медициналық және механикалық тексеруден

өтпеуі, міндетті сақтандырусыз жолаушылар тасымалдауы салдарынан жол апаты көбейді. Елімізде «InDriver», «Яндекс» такси бағдарламасын мобильді қосымшаға тіркеу арқылы қаншама көлік жолаушыларды тасымалдайды.

Алайда ол азаматтар

бекітілген Ұлттық стандартқа, такси тасымалдаушыларына және қызмет көрсететін такси автокөліктеріне қойылатын талаптарына сәйкес келмейтін автокөліктермен жолға шығады», деді Жамбыл облысы әкімінің орынбасары Қанатбек Мәдібек.

МЕРЕКЕЛІК ШАРА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ



Өнер орталығында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Республика күніне арналған салтанатты шара өтті. Оған құқық қорғау органдарының, басқарма, департаменттердің басшылары, зиялы қауым өкілдері мен облыстық мәслихат депутаттары қатысты.

Аймақ басшысы жиналған қауымды ұлттық мереке – Республика күнімен құттықтап, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы жетістіктерге тоқталды.

«Баршаңызды еліміздің ең басты ұлттық мерекесі – Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын! Ұлтымыз ұлықтаған атаулы күнді Сыр өңірі толағай табыстармен қарсы алуда. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы бірлік пен берекенің, өнер мен мәдениеттің құтты ұясы – Сыр өңіріне келген сапарында облысымызға дамуың үлкен перспективалары бар стратегиялық маңызы аймақ деп

оң бағасын берді.

Бүгінде Президентіміздің, Үкіметтің ерекше қолдауының арқасында облыс бюджеті 744 млрд теңгеден асты. Екі жыл бұрын 364 млрд теңге болатын. Аймақта 43 млрд теңгеге 300 шақырымға жуық автомобиль жолдары мен көпір өткелдері жөнделуде. Соңғы үш жылда жөнделген жол 1 271 шақырымға жетті. Осылайша жақсы жағдайдағы жолдардың үлесі 92 пайыздан асды. Электр энергиясымен қамту бағытында 2022 жылдан бері 18 млрд теңгеге 70 жоба іске қосылды. Билдың өзінде 11 млрд теңгеге 38 жоба қолға алынды. Бұл тозған желілерді 72-ден 62 пайызға

төмендетеді. Облыста 30 млрд теңгеге 11 елді мекен (Сексеуіл және Төретам кенті, Абай, Ақсу, Шәменов, Сейфуллин, Тоқмағанбетов, Алмалы, Досбол Датқа, Бестам, Төменарық ауылдары) газдандырылуда. Осы жұмыстар аяқталғанда өңірді газбен қамту көрсеткішін 75-тен 78 пайызға жеткіземіз.

Елді мекендерді сапалы ауыз сумен қамтуда 2022 жылдан бері 16 млрд 800 млн теңгенің 55 жобасы жүзеге асты. Жыл соңына дейін көрсеткіш 98,1-ден 98,6 пайызға артады. Келесі жылдың соңында облыстағы барлық елді мекенге орталықтандырылған ауыз су қосамыз. Егемендікке қол жеткізуді аңсап, өмірін күреспен өткізген ата-бабаларымыздың асыл арманы Тәуелсіздігімізді баянды ету – бүгінгі ұрпақ үшін жауапкершілігі зор міндет. Баршаңызды Республика күнімен тағы да құттықтап, отбасыларыңызға амандық, бақ-береке, толайым табыстар тілеймін! Еліміздің өркендеуі жолындағы адал қызметтеріңіз табысты, еліміз еңселі, Тәуелсіздігіміз тұғырлы болғай!», – деді Н.Нәлібаев.

Мемлекеттік қолдау мен ұлттық жобалар шеңберінде қаржыландырудың барлық көзінен биыл 863 900 шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беріледі. 2022-2023 жылдары 4 мыңға жуық пәтер табыстылып, 17 мың тұрғынның баспана мәселесі шешілді.

«Болат Өтемұратов қорының» демеушілігімен Қорқыт ата әуесжайының жаңа терминалы салынды. Жерлестеріміз үшін бұл – өте маңызды жоба. Жақын арада ел игілігіне табысталады. Қуаттылығы 240 мегаваттық жаңа жылу-электр орталығының құрылысы қарқынды жүруде. Нысан келесі жылы қыркүйек айында пайдалануға беріледі. Қызылорда қаласын ыстық сумен қамту жобасы оң шешімін тапты. Ол бойынша 623 көпқабатты тұрғын үйге ыстық су қосылды.

Республика күніне орай ұйымдастырылған іс-шара мерекелік концертке ұласты.



ҰЛЫҚ МЕРЕКЕДЕГІ МАРАПАТ

25 қазан - Республика күні қарсаңында қала әкімі Нұржан Ахатов қаланың әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани дамуына үлес қосып жүрген бірқатар азаматтарды облыстың ең жоғарғы марапаты «Құрмет» грамотасымен, мемлекеттік қызметшілерді облыс әкімінің және қала әкімінің алғыс хаттарымен марапаттады.

Қабылдауда шаһар басшысы Нұржан Сәбитұлы үлгілі мемлекеттік қызметшілердің ата-аналарына облыс әкімі Нұрлыбек Машбекұлының алғысын

жеткізді. «Республика күнінің қазіргі өскелең ұрпақ үшін маңызы жоғары. Алдыңғы буын аға-әпкелеріміздің егеменді ел болуға

ұмтылған ерен ерліктері, бүгінгі күні жастардың жарқын істерімен, жалынды бастамаларымен жалғасын табуда. Алдағы уақытта да қаламыздың әлеуметтік-экономикалық және мәдени-рухани дамуы, қоғамдық саяси өмірінің өркендеуі жолында мәртебелі міндеттеріңізді абыроймен атқара беріңіз деген сенімдемін», - деді Нұржан Сәбитұлы.

БЮДЖЕТ ҚАРЖЫСЫ 100 ПАЙЫЗҒА ИГЕРІЛДІ

Жыл басынан бері облыстық бақылау жөніндегі басқармасына жеке және заңды тұлғалардан 367 өтініш түскен. Ол өтініштердің 313-і заңнама талаптарына сәйкес жауап берілсе, 42-сі қарау ретілігімен басқа органға жолданған. Ал, 12 сі қазіргі таңда қаралу сапысында тұр. Бұл туралы бүгін Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында облыстық бақылау жөніндегі басқармасының басшысы Ғанижан Қалиев айтты.

Жеке және заңды тұлғалардың жолданымдары бойынша 20 жоспардан тыс тексеру жүргізілсе, анықталған

ақаулар мен кемшіліктерді жою жөнінде 11 нұсқама берілді. Анықталған заң бұзушылықтар бойынша 195 әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғалып, оның 103-і басқармамен қаралса, 92 іс сотқа жолданды. Бұдан бөлек, мемлекеттік бюджет және жеке инвестициялар есебінен салынатын нысандарда құрылыс-монтаждау жұмыстарының басталғаны туралы түскен 1 999 хабарламаның заңдылығы тексеріліп, оның 1 123-і тізілімге енгізілсе, 876 хабарлама заңнама талаптарына сәйкес рәсімделмеуі себепті кері қайтарылды. Сол сияқты, 70 акредиттелген

техникалық қадағалау ұйымдарынан «E-Qurylys» электронды жүйесіне 2 620 айлық есептері түсіп, оның 1 758-і қабылдана, 912-і ескертпемен қабылданды. Есепті мерзімде басқармамен көрсетілген 5 түрлі электронды мемлекеттік жүйесі «E-лицензиялау» порталы арқылы 1 420 өтініш түсіп, оның ішінде 921 өтініш бойынша лицензиялау мен аттестаттар берілді. Алдағы уақытта да басқармаға жүктелген міндеттерді атқару бағытында жұмыстар жалғасатын болады, - деді Ғанижан Пірғазалұлы.

«Ел тілегі» ақпарат

МӘМС: СҰРАҚТАР МЕН ЖАУАПТАР

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне туралы сұрақтар түсуде. Оларға Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалының бас сарапшысы Айгүл Аханова түсініктеме берді.

Мен жұмыс істемейтін болсам мәртебемі қалай аламын?

- Сіз де екі таңдау бар. Біріншісі – дербес төлеуші ретінде жарна төлеуіңізге болады. Екіншісі – жұмыспен қамту орталығына хабарласып, жұмысыз ретінде тіркеле аласыз. Бұл жағдайда сіз жеңілдік санатына кіресіз және сіз үшін жарналарды мемлекет төлейді.

Егер мүгедектігі бар болса, ЖК МӘМС-ке жарна төлеуі қажет пе?

-Жоқ, өйткені ол жеңілдетілген санатқа енеді. Сондай-ақ ол 18 жасқа дейінгі балалар; зейнеткерлер, оның ішінде ҰОС қатысушылары мен мүгедектері; «Алтын алқа», «Күміс алқа», «Батыр Ана» атағы, I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордені бар көп балалы аналар; мектептерде, лицейлерде, колледждерде, жоғары оқу орындарында, магистратурада күндізгі білім алушылар санаттарына енетін болса, ЖК жарналарын төлемейді.

Егер пациент ауруханаға жатқызылған күні стационарға келе алмаса не істеу керек?

-Жоспарлы емдеуге жатқызылудың белгіленген күні стационарға келмеген жағдайда пациент бұл туралы бастапқы медициналық-санитарлық көмек ұйымына немесе емдеуге жіберілген денсаулық сақтау ұйымына хабарлайды. Стационар ауруханаға жатқызу үшін екі күннен аспайтын мерзімге ауыстырады.

ҚАЗАННЫҢ СОҢҒЫ ЖЕКСЕНБІСІ – ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР КҮНІ

Қазан айының соңғы жексенбісі – әлеуметтік қызметкерлер күні. Әлеуметтік қызметкерлер – қоғамдағы әлсіз топтарға көмек көрсетіп, оларға әлеуметтік, психологиялық және құқықтық тұрғыдан көмек береді. Бүгінде облыста 2 000-нан аса әлеуметтік қызметкер болса, облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына қарасты арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтары 2 500-ден астам адамға

қызмет көрсетіп келеді.

– Әлеуметтік қызметкерлердің атқаратын басты жұмысы - мүгедектігі бар адамдар мен қарттарға үйден арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету арналы есептеледі. Жалпы, біз 7 қызмет бойынша көмек көрсетеміз. Олар: арнаулы әлеуметтік психологиялық әлеуметтік тұрмыстық, медициналық, мәдени, экономикалық, құқықтық және еңбек қызметі. Қазіргі таңда қала бойынша 175 мүгедектігі бар адамдар мен қарттар есепте тұр. Сол

175 адамға 23 әлеуметтік қызметкер көмек көрсетеді. Олар аптасына екі рет, екі сағатқа барып жәрдемдеседі. Десе де кей кездері сенбі-жексенбі күндері де сол кісілермен хабарласып, көмек керек болған кезде жиі баруға тырысады», - деді қалалық жұмыспен қамту әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің мүгедектігі бар адамдар мен қарттарға үйден арнаулы әлеуметтік көмек көрсететін бөлімше басшысы Жұмақұл Жаппасбаева.

Айта кету керек, есепті кезеңде 5

997 отбасыға атаулы әлеуметтік көмек көрсетіліп, 1 811 отбасыға тұрғын үй көмегі төленген. Жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша жеке келген санаттағы әлеуметтік қолдауды қажет ететін 12 489 адамға әлеуметтік төлем төленсе, бюджеттен тыс қызметкерлер мен мемлекеттік халықтың әлжуаз топтарынан шыққан 20 209 адамға қайырымдылық көмек көрсетілген.

«Ел тілегі» ақпарат

МАС ЖОЛАУШЫ ҚАМАУҒА АЛЫНДЫ

Араққа сыйлықа тойған алматылық тұрғын пойыздан түсіріліп, 3 тәулікке қамауға алынды.

28 қазанда Қызылорда станциясындағы желілік полиция бөлімінің қызметкерлері Алматы-Ақтөбе бағытындағы жолаушылар пойызын патрульдеу кезінде құқық бұзушыны ақт бойынша пойыздан түсірді.

Тексеру барысында көлік полициялері Алматы қаласының 49 жастағы тұрғынын ұстап, оның қоғамдық орында масан күйде болғанын, ескертулерге құлақ аспай, жолаушылардың мазасын алып,

қоғамдық тәртіпті бұзғанын анықталды.

Құқық бұзушыға қатысты алкогольдік ішімдіктерді ішкені немесе қоғамдық орындарға масан күйінде келгені және тыныштықты бұзғаны үшін екі әкімшілік хаттама толтырылып, 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынды.

Алкогольдік ішімдіктерді ішу фактісі бойынша материал сотқа жолданды, себебі ол бұған дейін осы құқық бұзушылықты бір жыл ішінде жасағаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылған болатын. Сот шешімімен құқық бұзушы 3 тәулік мерзімге әкімшілік қамауға алынды.

684 СПОРТТЫҚ НЫСАН, 225 ОЙЫН АЛАҢЫ БАР

Баспасөз орталығында өткен брифингте қалалық дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімінің басшысы Қайрат Есенгелдиев спорт саласындағы негізгі көрсеткіштерге тоқталып өтті. Жалпы, қалада тұрғындардың дене шынықтыру және спортпен шұғылдануына арналған 684 спорттық нысан, 225 ойын алаңы бар.

Жастардың бос уақытын тиімді пайдалану және бұқаралық спортты дамыту мақсатында бөлімге қарасты Қажымұқан Мұндайтпасұлы атындағы спорт клубында спорттың 13 түрінен үйірме жүргізілуде. Аталған үйірмелерде 1396 қала тұрғыны тұрақты негізде спортпен шұғылдануда.

Халықтың әлеуметтік әлсіз тобы қатарындағы қала тұрғындарын қолдау мақсатында әр ай сайын аз қамтылған, көп балалы отбасындағы балаларға және қала жастарын қол жетімді спорт инфрақұрылымымен қамту бойынша «Евразия» (жүзу бассейні), «Мұз айдыны» спорт кешендеріне 17 600 адамға жолдамалар берілген. Сондай-ақ, жыл басынан бері 45 түрлі деңгейдегі жарыстарға 770 спортшы қатыстырылған.

ҚАНТ ДИАБЕТИ ЖӘНЕ ОНЫ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ

Диабет – гректің сүзгіден өту, яғни сүзілу деген ұғымды білдіреді. Қант диабеті - ұйқы безінің бетта-клеткаларының инсулинді аз мөлшерде шығаруымен осы инсулин гормонының жетіспеушілігінен пайда болатын және осы себепті барлық зат алмасу түрлерінің, айрықша қант алмасуының бұзылуымен сипатталатын ауру.

Қант диабеті инсулинге тәуелді, инсулинге тәуелсіз болып 2 түрге бөлінеді. Ең басты себептердің бірі - тамақтану салтының өзгеруі, атап айтқанда қантқа тез айналатын көміртегі бар тағамдарды шектен тыс пайдалану болып табылады. Сол сияқты қажеттен артық тамақтану және дене еңбегімен шұғылданбау семіздікке әкеліп соқтырады. Қант диабетінің көп таралу себептерінің бірі де осы семіздікке тіреледі. Сырқатқа шалдығудың көп себептері тұқымдық бейімделушілік екенінде айтып өткен жөн. Тұқым қуалаушылық-тын әсерінен

қант диабеті балалар арасында өте көп таралып отыр. Тағы бір себебі экологиялық жағдайдың бұзылуы, химиялық өндірістің (фосформен, корғасынның) зиянды әсері. Бұл ауру жас талғамайды.

Өйтседе бұл сырқат егде адамдар арасында көп кездеседі, оның басты себебі организмді қоректендіретін қан тамырларының, әсіресе ұйқы безіне келетін тамырлардың қан жүргізу қабілетінің азаюы. Қант диабетінің кең таралуына – ұйқы безінің қабынуы, зақымдануы және ісіктердің пайда болуы да әсер

етеді. Ғалымдар осы уақытқа дейін ауру қоздырғыштарын таппай отыр. Қант диабетінің балалардағы ерекшелігі: Ауру қатты екіінді басталады. Балаларда аурудың жеңіл түрі кездеспейді. Асқынуда бейімді. Бұл қауіпті асқынудар - гипергликемиялық және гипогликемиялық комалар. Екі типтегі диабетте де қанда қант деңгейі жоғарылайды, гипергликемия пайда болады. Қант диабетінің бірінші белгілері пайда болады: ауыздың құрғауы, қатты ішөл, тез несеп шығару (полиурия). Тамақ ішіп болған соң кісілерде қандағы қан деңгейі жоғарылайды. Бірақ диабетікарда инсулиннің жетіспеушілігінен (диабеттің бірінші типі) немесе клеткалардың қабылдамауынан (екінші типтегі диабет) бұл қант клеткалары барып түспейді.

Қанда глюкоза көп, бірақ

клеткалар аш қалып, жеткіліксіз тамақ туралы белгі жіберіп отырапын жағдайларда туындайды. Бұл белгілерге ағза бауырдағы қант қорларын жіберіп жатады, бірақ ол да клеткаларға түспейді. Нәтижесінде ағза майларды жара бастайды. Жару нәтижесінде кетондық денелер пайда болады: ацетон, ацетальдегид, түрлі қышқылдар. Клеткалар көптен күткен энергияларын алады, бірақ қанда қышқылды баланс бұзылады, соның салдарынан кетонцидоз (ағзаның қышқылдануы) пайда болады. Емделмеген жағдайда коматоздық жағдай және өлімге алып келеді.

Қант ауруының алдын алу
Артық салмақтан құтылу, дене шынықтыру жаттығуларымен шұғылдану, май мен қантты пайдалануды төмендету қажет. Сіздің туысқандарыңыздың

ішінде диабетікер болса қандағы қант деңгейін жүйелі тексеріп тұру қажет. Екінші типтегі қант диабетінен қалай сақтану керек. Дұрыс тамақтану. Майлы тамақты аз, өсімдік талшықтарын көп пайдаланыңыз. Күнне жеміс, жиделермен бес рет тамақтан. Көмірсутегіне бай азықтарын көп пайдаланыңыз. Бұл қанға глюкозаның жетуін бәсеңдетеді, холестериннің деңгейі төмендейді. Сондықтан ірі тартылған ұнның нанын, макарон өнімдерін, күріш, жемістер, сұлы, арпа, қырыққабат, қарақұмық, картоп жеңіз. Кішкентай порциямен әр 4 сағат сайын тамақтаныңыз. Бұл ішкен тамақты қорыту үшін қанды қажетті инсулинмен қамтамасыз ететін ең жақсы тәсілі. Қант пен тұзды пайдаланбаңыз. Кішкентай жеген қанттың өзі қандағы қант деңгейін аспандатып жіберуі

мүмкін. Ал тұзды тамақ тез қан қысымын көтеріп жібереді. Өз салмағыңызды қалыпты ұстаңыз. Тез жүру – семірудің бірден берімі. Аптасына 5 рет дене шынықтыру жаттығуларымен шұғылданатын кісілер қант диабетімен ауру қауіп дәржесінен 50 % дейін төмендетеді. Кез келген ауа райында күніне 4 километр жаяу жүріңіз. Дәрумендер қабылдап, күйеменіз. ҚД алдын алу қант диабетін анықтаған күннен бастап алдын алу қажет, қауіп фактор тобына жатады, ары қарай жылына 2 рет эндокринолог бақылауында бақылана. Арнайы мамандардың кенесінен невропатолог, окулист, кардиолог, нефролог өту қажет.

Ә. АСҚАРБЕК,
Қызылорда қалалық
№6 емханасы
Мед тіркеуші



АНАФИЛАКТИКАЛЫҚ ШОК: АЛҒАШҚЫ КӨМЕК

Бірі білсе, бірі біле бермейді, анафилактікалық шок – ең ауыр аллергиялық реакциядан туатын талма ауруының бір түрі. Бұл адам өміріне өте қауіпті. Тіпті адамдардың 10% анафилактікалық шоктан көз жұмады. Жыл сайын жүз мың адамның бәсеуі осы дертпен күресе алмай, өмірден озады. Көбінесе бұл дертпен жастар бетпе-бет келеді.

Анафилактікалық шок кезінде қалай алғашқы көмек көрсету керек екенін барлығымыз міндетті түрде білуіміз керек. Бұл өте маңызды!

Ең алғаш («анафилактікалық шок») сөзі 1913 жылы француз ғалымы Шарлем Ришениң зерттеуі негізінде пайда болды. Ол өзінің бұл зерттеуі арқылы Нобель сыйлығына да қол жеткізген. Ауру 5 секундтан 5 сағатқа дейінгі аралықта жалғасы мүмкін.

Анафилактікалық шок: пайда болу себебі

Дерттің пайда болуы аллергия басталған кезде туады. Кейде тіпті дәріні қайта-қайта пайдаланғанға да сеп болуы мүмкін. Ең негізгі пайда болу себептері:

- дәрігердің рұқсатынсыз дәрі-дәрмек пайдалану;
- денеден қан бөлінуі;

- рентгенге түсу кезінде немесе диагностикалық ем қабылдау сәтінде;
- еспе алу кезінде;
- тамақтан улану арқылы;
- жәндік шағуы;
- суыққа төзбеу.

Анафилактікалық шок: клиникалық белгісі

Дерттің басталу белгісі ішкі немесе сыртқы күш әсер етуінен көрінеді. Мәселен жүрек айну, бет қызаруы, дақтар пайда болуы, іштің ауруы, диарея секілді түрлі белгілер қабақтасып кетеді.

- қан қысымының түсуі;
- естен тану, дірілдеу, бас айналу;
- терінің ағарып кетуі немесе соққы алған секілді көгеру;
- теріде күйік секілді дақтар пайда болуы;
- бет тұсында, иекте дақтар пайда болуы;
- іш ауруы және жүрек айну;
- жүрек қысылуы, дем жетпей.

Анафилактікалық шок: әсері қандай?

Бұл дерт пайда болған жағдайда алғашқы көмек көрсетілмесе, науқас тіл тартпай кетуі мүмкін. Бұл кезде он екі мүшенің барлығы дерлік ауырады. Әлсіреп, адам бір орында тұра алмайды. Ең жаманы анафилактікалық шок

қайтадан сол сәтте қозғатын болса, оның арты жақсылыққа апармайды. Жүректің соғысына кері әсерін тигізіп, жүйке жүйесіне зақым келеді.

Анафилактікалық шок тұмай тұрып, жоғарыда аталған белгілер байқала бастағаннан жедел жәрдем шақырыңыз. Ол келгенше аурып жатқан адамның қан қысымын өлшеуді тоқтатаңыз. Ал егер жедел жәрдем келіп жатқанда тез арада мына әрекеттерді жасауға тырысыңыз:

- Аурып жатқан адамды тігінен жатқызыңыз. Қан қысымы қалыңқа келу үшін екі аяғының астына жастық немесе биік зат төсеніңіз. Төменгі иекті ары-бері қозғап тұрыңыз, тісте протез болған жағдайда алып тастаңыз;
- жүрек қағысы мен қан қысымын тексеру;
- талмаға қарсы дәрілер беріңіз. Көңбесе де тырысу керек;
- дәрігер келген соң ақпаратты дәлме-дәл жеткізіңіз;

**А.УРИСТЕМОВА,
Көп бейінді облыстық балалар ауруханасының неврология бөлімінің меіірбикесі**

МЕДИЦИНАЛЫҚ ЭТИКА ЖӘНЕ ДЕОНТОЛОГИЯ

Дәрігер үшін де, орта буын медицина қызметкерлері үшін де ең басты қағида - адамгершілікті, ішпінді мейірімділікті сақтау болуы. Адам баласы өзін біреуге сыйлата алу үшін, ең әуелі өзін сыйласымды болғаны дұрыс. Дәрігер мен орта буын медицина қызметкерлерінің адам баласының денсаулығын сақшысы екенін қан қағым сөтке де ұмытпауға қақылары жоқ. Ішкі мәдениеті үйлескен дәрігер мен медикелер ғана сырқат жүрегіне жол тауып, адам жанының арашасы бола алады. Тән жарасы мен жан жарасының шипагері бола білген адам ғана нағыз дәрігер, мейірікке деген атқа лайық бола алады. Ол үшін әрбір дәрігердің, әрбір мейірікенің көп ізденулері, білімі мен мәдениетін көтерулері қажет. Этика (әдеп) дегеніміз гректің мінез, әдет-ғұрпы деген сөзінен шыққан философиялық ұғым. Этика адамдар мен адамдардың арасындағы адамгершілікке толы қарым-қатынастардың озық үлгілерін, жақсы дәстүрлерін оқытатын қағидалар жиынтығы. Халқымыз ежелден адамгершілік, инабаттылық, сыйластық сияқты асыл қасиеттерді өз бойына сіңіріп және ардақтап келеді. Адам өмірге келгеннен кейін өзара сыйласу - баршаға ортақ қасиет. Тіршілік нелерінің ішінде адам санасымен ерекшеленеді. Қазақ қашанда философ халық қой. «Өз-өзіңді жаттай сыйла, жат жаныңнан түлісің» деген мақалдың астарынан ақ көп нәрсе аңғаруға болады. Этика - мораль туралы ілім, яғни адамгершілікті, ізеттілікті, кішіпейілділікті, әдептілікті оқытады. Ал мораль дегеніміз қоғамдық сананың бір түрі немесе бір көрінісі. Адамдардың арасында ежелден қалыптасқан жақсы мінез-құлық мен инабатты, инабатты, адамгершілікке толы қарым-қатынастарды реттейтін принциптер мен жиынтық ережелерін мораль дейміз. Адам-адамға дос, жолдас, бауыр деген ұлағатты сөз этиканың ең негізгі қағидаларының бірі. Медициналық этика - медициналық қызметкерлердің жұмысындағы гуманизм көрінісі, дентологияның теориялық негізі болып саналады.

Деонтология - (гректің - тиіс, керек деген сөзінен шыққан) дегеніміз әрбір жеке адамның бүкіл адам баласы мен қоғамның алдындағы атқаруға тиіс міндетін, борышын, парызын оқытатын этиканың негізгі бір саласы. Дентологияның негізгі принципі - адам жеке басының қамын ойламай, өз мүддесін халық пен қоғамның қажеттілігіне саналы түрде бағындыра отырып, жеке басының мүддесін қоғамдық мүддемен үйлесімді түрде үйлестіре алуында. Медициналық дентология дегеніміз - медицина қызметкерінің адам баласы алдындағы, қоғам алдындағы атқаруға тиіс кәсіптік парызы мен өтеуге тиіс борышын

оқытатын ілім. Біздің дәуірімізге дейін IX ғасырда өмір сүрген атақты үнді дәрігерінің «Өмір кітабы» атты еңбегінде дәрігерге былай деген өсиет айтады: «Дәрігер іс жүзінде табысқа жету үшін: өзінің дені сау, мұнтаздай таза, қарапайым, шыдамды, сақалы қысқа етіп бастырылған, тырнақтары алынған, ақ жиде жұптыны киім киген болуы керек. Сөйлеген сөзі жұмсақ, жағымды, тартымды және үлкен үмітпен айтылуы қажет. Дәрігердің ақ жүректі адал, қайғыға ортақтасқыш, сезімтал, тура мінезді, байсалды, ерекше сабырлы, асқан ақылды әрқашанда жақсылық істеуге тырысып тұратын адам болғаны абзал. Медицина қызметкерінің орта және кіші буынды қызметкер әріптестері арасында сабырлы әрі ашық жарқын сөйлесуге міндетті. Дәрігерің тұрпайы немесе тым ресми сөйлесуге болмайды. Өзінен жасы үлкендерге «Сіз» деп және дәрігерлерге аты мен әкесінің атын атап сөйлескені жөн.

Жұмыс барысында, жұмыс орнында ұстамдылықты, сабырлықты және әдептілікті сақтаған дұрыс. Мейлі ол орта буын немесе кіші буын қызметкері болсын, сырттан келушілерге (ҚІП қызметкерлері, тергеушілер ОНД тергеушілері, лауазымдары жоғары кісілер, басшылар, бөлім басшылары, жақындарынан айырылған, қайғыға душар болған жандар, немесе ұрып соққаны үшін анықтамалар алу үшін және т.б.) сұрап білу үшін келушілерге кіші буын болсын, орта буын болсын, мейлі ол дәрігер болсын толығымен назар аударып, көңіл бөлуі керек. Атап айтсақ: орнынан тұрып амандасуы өзін таныстыруы тиіс. Қызметкерлердің жұмыс орнындағы қарым-қатынастары әр уақытта жылы шыраймен сыйайлылықпен өтуі керек.

Кабинетке кірер алдында дәрігердің, менгерушінің немесе басшының есігін қағу, амандасу, рұқсат сұрау кабинетте кісілер отырған болса, кешірім сұрап шығып кету сияқты. Кабинетіңізге келген келушіні есікке дейін шығарып салып, қоштасуы керек. Қоштасуда көзделген нәтижеге жеткеніңізге немесе жетпегеніңізге қарамастан келушіні жылы шыраймен, сыйайлылықпен шығарып салу керек. Орта буын немесе кіші буын қызметкер тек өз күзін шешкенде сұхбаттасуы (өз бетінше жауап бермей сарапшыға немесе кезекші сарапшы дәрігерге жолдауы керек, бір себептермен орында жоқ болып жатса, «күте тұрыңыз», «бір жерге жұмыстармен шығып кетіпті», «біраз күте тұрыңыз» деп өтінуі қажет). Орта буын қызметкерлеріне дәрігерлермен сұхбаттасу кезінде дәрекі сөйлесуге тыйым салынады.

**Г.ОСПАНОВА
Көп бейінді облыстық балалар ауруханасының неврология бөлімінің меіірбикесі**

МИ ҚАН АЙНАЛЫМЫНЫҢ БҰЗЫЛУЫ: ЕМДЕУ ЖӘНЕ АЛДЫН АЛУ

Ми қан айналымының бұзылуы адам өмірі үшін аса қауіпті ауру болып саналады. Осы аурудың негізгі белгілері жаны қай уақытта жедел жәрдем шақыру керектігі туралы оқи отырыңыздар

«Ми қан айналымының бұзылуы – бұл бас миының бөліктеріне қанның келуі азаятын жағдай. Осының салдарынан гипоксия, яғни оттегінің жетіспеушілігі туындап, бас миының бір бөлігі өліп қалады. Көп жағдайда бұл патологияны инсульт деп атайды», - дейді невролог дәрігер Гүлнар Ахмадеева.

Дәрігердің айтуынша, қан айналымы бұзылуының екі түрі бар:

Ишемиялық – қан тамырының бітелуі. Көп жағдайда бұл жүректен шыққан тромб немесе атеросклеротикалық түінек. Қан тамырындағы жарықшақ жабылып, қан түспеген соң, қорек жетпеген бас миының бөлігі өліп қалады.

Геморрагиялық – қан тамырының жарылуы. Соның салдарынан бас миына қан кетіп, бұл да бас миының бір бөлігінің өліп қалуына алып келеді.

Екі жағдайда да ауру үлкен қауіп төндіреді. Сондықтан шұғыл түрде дәрігерге жүгініп, жедел жәрдем шақыру керек. Бұл қауіпті аурудың себебі өте көп болуы мүмкін. Соның ішінде денсаулығында мынандай кінәраты бар адамдар қауіп жоғары топқа кіреді:

- гипертония;
- жүректің ишемиялық ауруы;
- қант диабеті;
- атеросклероз;
- артық салмақ.

Сонымен қатар науқастың үнемі күйзелісте болуы да ми қан айналымының бұзылуына әкеліп соғады.

Ми қан айналымы бұзылуының белгілері

Дәрігер мұндай белгілерді екі топқа бөліп қарастырады:

Жалпы мида. Оған бастың қатты ауыруы жатады. Неврологиялық. Бұл жағдайда парез (жүйке жүйесінің зақымдалуы салдарынан бұлшықет күшінің жоғалуы) байқалуы мүмкін. Көп жағдайда беттің оң немесе сол жағына зақым келеді. Адамның қозғалыс үйлесімі бұзылып, ол қолын көтере алмайды, бұге алмайды мүмкін, кейде өзгелердің сөзін түсінеуі немесе өзі түсініксіз сөйлеуі мүмкін. Егер адамның жағдайы күрт нашарлап, басы ауырып, сөйлей алмай, бет-аузы қисайғанын байқасақ, тез арада дәрігер шақыру немесе ауруханаға жету керек. Көп жағдайда бұл қан қысымы көтерілгенде болады. Қысымды үлкен сақтықпен түсіру керек.

Ми қан айналымы бұзылуын емдеу

Мид қан айналымының бұзылуы тек ауруханада емделеді. Сондықтан алғашқы 3-6 сағатта медицина мекемесіне жету маңызды. Сол кезде дәрігерлердің науқасқа тиімді көмек көрсетуі мүмкіндігі жоғары. Яғни тромболитиз – бітеліп қалған қан тамырын сорып алып тастау мүмкіндігі жоғары. Егер 5-6 сағатта қан айналымы қалпына келсе, ми тіні өлмейді. Ал егер науқасты ауруханаға 3-6 сағаттан кеш жеткізсе, онда оның салдарын емдеуге тура келеді: қысымды, қандағы қант мөлшерін қалпына келтіру, температураны төмендету, бас ауруын емдеу. Бірінші күннен-ақ науқасқа реабилитация тағайындалады: оған зақымдалған аяқ-қолды қозғалысқа келтіріп, жүру, сөйлеу керек болады. Емдеу бірнеше кезеңге бөлінеді. Себебі қан айналымын қалпына келтіру керек, артериалды қысымды реттеу керек, мидың қабынуына жол бермеу қажет. Мұның барлығы стационарда жүргізіледі. Сондай-ақ қан айналымын реттейтін препараттар да қолданылады.

**Ф. АРЫСТАНБЕКОВА,
Көп бейінді облыстық балалар ауруханасының неврология бөлімінің меіірбикесі**

ЭПИЛЕПСИЯ АУРУЫ ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?

Эпилепсия кезіндегі тырысу аяқ астынан, кейде тіпті күтпеген уақытта болуы әбден мүмкін. Көп жағдайда тырысып қалған науқасқа адамдар алғашқы көмек көрсетуге тырысады. Алайда көмек дұрыс көрсетілмегендіктен, науқастың зардап шегуі де кездесіп жатады.

Эпилепсияны ең алғашқы болып сипаттағандардың бірі – Гиппократ. Ол ұстамалардың болуына ауа температурасы, жел, күн сәулесі секілді сыртқы факторлар әсер етеді деп санап, эпилепсияны «аулие ауру» деп атады. Тарихи мәліметтерге сүйенсек, Юлий Цезарь, Наполеон Бонапарт, Ван Гог сынды танымал адамдар эпилепсиямен ауырған.

«Жыл сайын эпилепсия диагнозы қойылатын науқастар саны артып келеді. Жалпы эпилепсиялық ұстамалар нейрондарды қоздыру және тежеу механизмінің бұзылуымен байланысты бас миындағы нейрондардың шамадан тыс разряды салдарынан туындайды», - дейді ресейлік невролог дәрігер Павел Дыннин.

Бірақ эпилептикалық ұстамалар мына секілді жағдайларда туындаса, онда науқасқа «эпилепсия» деген диагноз қойылмайды:

- төтенше жағдай (күйзеліс);
- дене температурасының көтерілуі;
- улану;
- ұйқысыздық.

Бұл көбіне балаларда жиі кездеседі. Себебі балаларда бас миының физиологиясын реттеу механизмі қалыптасу сатысында тұрады. Сонымен қатар бас сүйек-ми жаракатының асқынуы, бас миының инфекциялық ауруы, ісік, метастаз кезінде де талма болуы мүмкін. Эпилепсияның 3 түрі бар. Бірі тұқым қуалайтын (зағ алмасудың генетикалық ақауы), екінші түрі туа біткен (жатыр ішінде пайда болған патология – инфекция, босану кезіндегі жаракат), үшіншісі эпилепсия туындауына жүре пайда болған бейімділік (жаракат, инсульт, ісік салдары).

Эпилепсияның 3 кезеңі бар:

– ұстамалы немесе иктальді кезең;

– ұстамадан кейінгі немесе постиктальді кезең;

– ұстамааралық немесе интериктальді кезең.

Ұстама алдында аура деп аталатын құбылыс болуы мүмкін. Ол вегетативті өзгерістер, моторлық бұзылыстар, сенсорлық сезімдер, психикалық немесе сөйлеудің өзгеруі түрінде болуы ықтимал. Көбіне эпилепсия ұстамасы жүрек айну, бас айналу, қатты әлсіздік, кеудедегі ауырсыну, тұншығу, ұйқысыздық, тіл немесе еріннің ұшы, құлақтағы шуыл немесе шыңылдау, иіс сезудің бұзылуынан басталуы мүмкін. Егер бұл күрделі ұстама (парциальді) болса, онда ол кезде автоматизмдер (ебейсіз қимылдар) байқалуы мүмкін. Бұл кезде ол адаммен байланыс орнату өте қиын болады. Қайталанған жаппай ұстама аяқ астынан болуы мүмкін. Бірнеше секундқа созылған аура кезінде науқас есін біліп жатады да, артынша ол құлап, тез есін жоғалтады. Құлау кезінде кеуде тұсындағы бұлшықеттің күрт жиырылуымен дауыс шымылдығының аралығындағы ауру салдарынан науқас айқайлауы мүмкін. Одан кейін дірілді ұстаманың тонустық кезеңі басталады. Бұл кезде бұлшықеттің қатты тырысуы салдарынан дене мен аяқ-қол созылады, науқас басын артқа лақтырып, бір шетке қисайтады. Оның тынысы тоқтап, мойнындағы тамырлар ісінеді, бет-аузы көгеріп, жағымсыз болады. Бұл фаза 20 секундқа созылады.

Одан соң ауызда көбік пайда болып, қарлығым тыныс алатын қиындық туындайды. Бұл фаза 2-3 минутқа созылуы мүмкін. Дірілді тырысу жиілігі біртіндеп азаяды да, бұлшықет толығымен босайды, тітіркендіргіштерге және жарыққа реакция болмайды. Тырысудан кейінгі кезеңде неврологиялық симптомдар болмауы немесе тырысуға алып келген симптомдардың кейбірі ғана болуы мүмкін.

Эпилепсия түрлері

«Эпилепсиялық ұстамалар алуан түрлі. Олар ақыл-ойдың жоғалуы, дене мен аяқ-қолдың дірілдеуі немесе тонустық жиырылудан кейде жанындағы адамдар байқайтын, айналасындағы шынайы өмірден бір сәтке «жоқ боп кететін» дірілсіз эпизодтар – абсанстарға дейін болуы мүмкін. Сол сияқты көз алдының жарқ етуі, шу, ауырсыну және тактильді сезім секілді ақыл-ойды жоғалтпайтын эпилептикалық ұстамалар да бар.

Шектеулі уақыт ішінде эпилептикалық ұстамалардың бірінен кейін бірі болуы эпилептикалық статус деп аталады және ол шұғыл түрде

мамандандырылған көмек көрсетуі қажет етеді.

Эпилепсияны емдеу
Тырысулар сирек болса да және науқастың қалыпты өміріне аса кедергі келтірмесе де эпилепсияны емдеу керек. Бұл ауру болжам білмейтін асқынудымен аса қауіпті және адам өліміне алып келуі мүмкін.

Диагностика

Эпилепсия диагнозын қою әрқазы оңай емес. Дәрігер науқастың бұған дейін қандай аурумен ауырғанын терең зерттеп, барлық симптомды мұқият тіркеп отырады. Қосымша бірқатар зерттеу құралы қажет болады. Олар мидағы эпилептикалық белсенділік ошақтарын растап, олардың патологиялық белсенділігін және невролог дәрігер Павел Дыннин.

Диагностикалық невролог немесе эпилептолог дәрігер қояды.

Патологияны анықтаудың негізгі әдісі – ЭЭГ. Тексеру кезіндегі мәлімет бойынша мидағы патологиялық белсенділік ошақтары анықталады. Компьютерлік талдаудың көмегімен белсенділік көзі анықталады. Кейде ол үшін функционалды сынақтар, яғни жарық арқылы тітіркендіру, гипержелдетуі бар үдемелі тыныс алу әдісіне жүгінуге тура келеді.

Сонымен қатар бас сүйек-ми жаракатының асқынуы, бас миының инфекциялық ауруы, ісік, метастаз кезінде де талма болуы мүмкін. Эпилепсияның 3 түрі бар. Бірі тұқым қуалайтын (зағ алмасудың генетикалық ақауы), екінші түрі туа біткен (жатыр ішінде пайда болған патология – инфекция, босану кезіндегі жаракат), үшіншісі эпилепсия туындауына жүре пайда болған бейімділік (жаракат, инсульт, ісік салдары).

Невролог дәрігер Павел Дынниннің айтуынша, әрбір кезекті эпилептикалық ұстама және оны дұрыс емдемеу сырқаттың асқынуына және бас миындағы нейрондардың өлуіне алып келеді. Кейде ұстама болатын жағдайдың өзі де адам өміріне қауіпті болады. Яғни, науқас тырысу басталған кезде автокөлік жүргізіп келе жатса, жүзумен айналысса, биікте тұрса, оның жақсы аяқталары екіталай. Сондықтан тез арада дәрігерге қаралу керек. Эпилепсия тек медикаменттердің көмегімен емделеді. Егер онкологиялық патология бар болса, онда операцияға жүгінуге тура келеді. Қазіргі уақытта вальпроик қышқылы, окскарбазепин, левитирацетам, карбамазепин сынды негізгі препараттар тобы бар.

Эпилепсияны адамдардың өз бетінше емдеуіне қатаң тыйым салынады. Себебі бұл ауру кезінде қолданылатын әрбір препараттың өзіндік нұсқауы мен қарсы нұсқауы бар және оны тек дәрігер анықтай алады.

Эпилепсия кезінде физиотерапевтік ем шараларын шектеулі түрде қолдануға болады. Себебі олардың бірқатары электрлі импульстерді қолданумен байланысты. Массаж, емдік дене шынықтыру тағайындау ұстамаларды препараттармен түзету деңгейіне, сондай-ақ физикалық белсенділігі бар науқастарда ұстаманы қоздыратын факторлардың болмауына байланысты болады.

Үй жағдайында эпилепсияның алдын алу

Дәрігер невролог Павел Дынниннің айтуынша, эпилепсияны қандай да бір профилактикалық жайлы сөз етуге болмайды. Себебі алғашқы тексеру – электроэнцефалограмма кезінде көрінген өзгерістерден сау адамнан да байқалуы мүмкін. Стандартты альфа-ыррақтан ауытқуға күйзеліс, ұйқының бұзылуы, дәрі-дәрмек қабылдау, бірқатар азық-түлік және тағы басқа факторлар әсер етуі ықтимал. Ал егер әдеттегі эпилептиформалы белсенділік байқалса, оны тудыруға тәулік бойы жұмыс істеу, алкогольді және энергетикалық ішімдікті шамадан тыс көп ішу, қатты жарық алдында ұзақ отыру (кино көру, компьютерде жұмыс істеу немесе компьютерлік ойындар) себепші бола алады. Бұл жағдайда терапияны тағайындау туралы шешімді маман ғана қабылдайды. Мидың жұмысын жүйелі түрде зерттеуден басқа бірқатар жағдайда видео-ЭЭГ-мониторинг орындау тағайындалуы мүмкін (бірнеше сағаттан тәулікке дейінгі электроэнцефалография). Бұл тексеру барысында науқастың ояу және ұйқы кезіндегі мидың белсенділігін бағалауға болады.

**Г. УТЕШОВА,
Көп бейінді облыстық балалар ауруханасының неврология бөлімінің меіірбикесі**

СЫРДЫҢ СҰЛУ СӘБИРАСЫ



Биыл КСРО және ҚазКСР алық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Сәбира Майқанованың туғанына 110 жыл толды. Осыған орай, С.Майқанова атындағы мәдениет үйінде «Театр... Өмір... Сахна...» атты еске алу кеші өтті.

«Сырдың сұлу сары алтыны Сәбира» атты документалды фильмнен бастау алған салтанатты шара «Мәңгі өлмейтін театрдың тарланы» атты Шыңғыс Айтматовтың «Ана – Жер Ана» қойылымымен жалғасты.

Ұлттық театрдың дамуына сүбелі үлес қосып, рухты

өнері және биік азаматтық болымымен «театрдың анасы» атанған аса көрнекті актриса Сәбира Майқанованың рухына арналып Қызылорда қаласы әкімінің ықылас гүлі тарту етілді.

Еске алу кешінде қала әкімінің орынбасары Дархан Тұрсынбаев өнерпаз тұлғаның



қазақ өнеріндегі орны ерекше екеніне тоқталып өтті. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қызылорда облысының Күрметті азаматы Хүсейін Мәдениет басқармасының басшысы Мира Қазбекованың құттықтауын табыс етті.

Сәбира Майқанованың қызы, медицина ғылымдарының докторы Әбдіраштова Гүлдария Әбділқызы және Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген әртісі, «Парасат», «Күрмет» ордендерінің

кавалері, Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясының актерлік шеберлік және режиссура кафедрасының педагогі, профессор Машурова Рахиям Абрахманқызы тағылымды естеліктер айтты.

Кештің өн бойында актриса жайлы өлеңдер оқылып, ана туралы жүрек тебірентер өлеңдер шырқалды, деректі фильмдер көрсетілді.

«Ел тілегі» ақпарат

АҢЫЗ – АҚИҚАТТЫҢ АЙНАСЫ

Сыр өңірінен аты аңызға айналып, дүйім қазаққа танымал болған тұлғалар көп шыққан. Солардың бірі Сайдмұхаммад (азан шақырып қойған аты, ел кейін Сейітпенбет атап кеткен Қ.Ж.) қожаның ата-бабасы бүгінгі Қызылорда облысының Жаңақорған жерінде өмір сүрген. Сейітпенбет – Абд ул Жалилбабтың (Қорасан ата) отыз төртінші ұрпағы. Қорасан атаның ұлы Хусайннан (Сұлтан Хусайн) тарайды. Сүйегі Қызылорда облысы Қармақшы ауданының «Бас Сарбулақ» (Жаңақала ауылына жақын) деген жерінде жатыр.

Атадан балаға жалғасып келе жатқан дерек бойынша, Сейітпенбет 14 жасынан бастап Шөмекей руының балаларын оқыта бастайды. Сөйтіп өмірінің соңына дейін Қуандария мен Жаңадария бойында өмір сүріп, мешіт басқарады, діни ілім таратады. Осы өңірде Мырза, Сұлтан, Әбдіжаппар, Батыр, Алімас, Міржан, Шоң атты балалары дүниеге келеді. Арагдік білім іздеп және қажылық парызын өтеу үшін алыс шаһарларға (Бұхара, Хиуа, Херат, Мекке, Медине, Шам) сапар шеккені болмаса, ғұмыр бойы Шөмекейлердің, анығы - Шөмекейдін тарайтын бес Бозғұлдың ортасында ғұмыр кешеді. Ер Сейітпенбет кожа шамамен 18-ғасырда өмір сүріп, 19-ғасырдың басында өмірден өткен. Бұл болжамды өзмен замандас болған тарихи тұлғалардың өмір сүрген жылдары мен көнекөз қариялардың әңгімелеріне сүйеніп жазып отырмыз.

Сейітпенбеттің «Ер Сейітпенбет» деп есім алуы туралы ел аузындағы әңгімелерге, жырларға және С.Толыбеков, М.Мұқанұлы, Х.Мадамов, Ш.Серікбайұлы, Ж.Әлқожаұлы, Ә.Қаба, Қ.Өтебайұлы, т.б. ғалымдар мен қаламгерлердің кітаптары мен мерзімдік баспасөздік мақалаларына сүйеніп айтуымызға болады. Сонымен қатар Сыр сулейлерінің (Қарасақал Ерімбет, Қаратамыр Дүр Оңғар, Кете Жүсіп, Базар жырау, Тұрмағамбет, Шораяқтың Омары, т.б.) барлығы түгелді дерлік Ер Сейітпенбет кожаның есімін жырларына қосқаны да назарға алғанымыз абзал. Солардың бірі әйгілі Базар жырау былай деп жырлайды:

Мына бір шалақ дүниенде,
«Әулие өлмес» дер едім,
Отқа салса, күймеген,
Зайымдардың өмірі
Бір шарпыу тимеген,
Арамды көңілі сүймеген,
Дін мұсылман баласын
Кереметпен билеген.
Саһар тұрып жылаған,
Хақтан медет сұраған,
Ол ерлердің тағаты
Қудайына ұнаған -
Бабай түкті Шашты Әзиз,
Ер Сейітпенбет, Мағзаман,
Марал ишан, соғы Әзиз -
Солардан да өткен сұм дүние.
(Базар жырау « Жеті ғасыр жырлайды», 2-том, « Жазушы» баспасы, 91-бет).

...Қиын бір жылдарда арасында жоқасы бар, басқасы бар: «Мен - кожамын» деп, елден нәзік жинайтын күмәнді сәлделілер ауыл-елде қаптап кетіпті. Қожа сыйлаған халық бар нанының жартысын «кожамын» дегеннің қолына ұстадаы екен. Сөйтіп жүргенде ел ақсақалдары: «Нағыз кожа, шын әулие адам болса - бізге кереметін көрсетсін. Токсан түйеге жүк болатын сексеуіл томарын (отын) үйіп, өртейміз. Сол отқа қорықпай түскен адамды біз әулие деп білеміз» деп шарт қояды. Сонда өздерін «мен кожамын, әулиемін» деп жүргеннің біразы елден ғайып болады. Ал Сейітпенбет кожа алғі шарты қабыл алыпты. Оқиганы әрі қарай академик-ғалым Серғали Толыбековтің «Қазақ шежіресі» кітабынан өрбейтін:

«...От бірден-ақ лаулап жанып, тез құлашталған жалын аспанға шығып жанып, бірте-бірте бөсендейді. Қоршап тұрған халықтың екі көзі әулиден. Біртіндеп қызыл жалын саябырлап, сағымданып, жанып жатқан оттың ішінен Сейітпенбет қажы көрінеді. Қызыл шок сөніп, қарауыта берген кезде ол аса тағы қолында: «Иә, бабам!», -деп аман-есен шығады. Жүрт: «Иә, Құдайлап» шулап, қол қусырып, қожаның аяғына жығылып, әулиешілігіне, кереметіне тәнті болып, құрбандық шалып, Сейітпенбетті пір көтереді».

Міне, осы оқиғадан соң ел Сейітпенбеттің есіміне «Ер» деген атауды қосып, «Ер Сейітпенбет кожа» деп атап кетеді, әулетін де пір тұтып, ұрпағын ұлықтап, үрім-бұтағын сыйлап келеді. Айта кетейік, оттан аман шыққан әулие-Ер Сейітпенбеттің шапанының

шалғайының бір ұшы ғана күйіп, сарғайып қалған екен. Мұның мәнісін сұрағандарға әулие: «Қыз бала нәрестені алдыма алып отырғанымда шалғайыма дәреті тиіп еді», -деп жауап беріпті. Бұл Ер Сейітпенбет кожаның жаны да, киімі де пәк, мұнтаздай таза болғандығынан дерек бергенді.

Ер Сейітпенбет көз жұмарда балаларына, мүридтеріне, жоғарыда айтқандай, аманатын айтып кетеді. Көп ұзамай әулие дүниеден өтеді. Ел-жұрт аманатын орындап, Ер Сейітпенбеттің денесін ақ нарға жүктейді. Нар түйе ен даланы кесіп өтіп, дариға таяйды. Сонда ел тағы бір кереметке куә болады. Дариға қақ айырылып, түйе өзеннің түбінен өтіп, Қызылқұмды бетке алады. Ұшан-теңіз тақырды басып өтіп, «Бас Сарбулақ» (Арғы жағын «Аяқ Сарбулақ» деп атайды) деген жерге жетіп шөгеді. Әулие сонда жерленеді. Өзі айтқандай, жерлеу рәсімі болған мерзімнен 40 күн өткенде құт мекен Қызылқұмды мекен еткен батыр әрі ғұлама діндар, төленіт руының көсемі Көккөз батыр көз жұмады. Батыр өлерінде өзін Ер Сейітпенбет кожаның қасына жерлеуін өсиет етеді. Туысқандары батырдың өсиетін орындапты. Жылдар өте келе Бас Сарбулақтағы қос мола үлкен қорымға айналады. Кіші жүздің белгілі тұлғалары сол қорымға жерленеді. Біздің білетіміз: бірнеше кожа, төрелер, дінбасылар, Байсарының (Кете), Әлімнің Шектісінің, Шөменнің Шөмекейінің белгілі тұлғалары осы қорымда жерленген. Жомартығымен мәшһүр болған Қошқаралы Сансызбай сахи, Шыбынтай, Жолай руларынан шыққан атакты билер - Өтетілеу, Пірәлі, Алмастар, жалпы Тока, Көнек, Аспан, Бозғұл руларынан шыққан басқа да би-болыстар сол мазарда мәңгілікке тыным тапқан.

Осы тұста айта кететін жайт, Ер Сейітпенбет ұрпақтарының басым көпшілігі туған өлкенде жарықта ғұмыр кешті. Анығы - кезінде Қазақ АССР-нің құрамында 1928 жылы 12 сәуірде құрылып, кейін солақай саясат кесірінен Өзбекстанға еріксіз берілген Тамды ауданында, сондай-ақ Кенімек, Үшқұдық аудандарында өмір сүрді. Шежіреші қариялар да сонда болды. Сондықтан болар, Сыр еліндегі Ер Сейітпенбет ұрпақтарының қолында дәйекті шежіре болған жоқ. Соның нәтижесінде Қорасан атадан тарайтын Ер Сейітпенбет кожалары бәзбіреулер бірде Сейіт кожаларға, бірде Дуана кожаларға, кейде тағы басқа аталықтарға қосып жанылысып жүр. Дуана кожалардың сүйеніс дәлелі - Ер Сейітпенбеттің әкесінің атына ұқсас болғандықтан, «Сейітпенбет - Кожан атамдықтың перзенті» дейді. Әсілі, ол Қожан кожа мен Ер Сейітпенбеттің әкесі Қожакан кожа мүлде басқа-басқа тұлғалар. Қажы Мәді (Дуана) кожа ұлы Қожа Жаһан (Қожжан) - өмір сүрген уақыты XVI ғасырдың соңы мен XVII ғасырдың басы деген де болжамды дерек бар. (Дуана кожа әулеті, - Қызылорда: «Қызылорда-Қанағаты» кітабынан алынды, www.kozhalar.kz). Ал Ер Сейітпенбеткожа XVII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың басында ғұмыр кешкен. Сондай-ақ, Ер Сейітпенбет кожаның ұрпақтарының құлпытастарына жерленген «руы - Қорасан кожа» деп жазылып келе жатқаны дәлел.

Осы ретте айта кетсек - Ер Сейітпенбет кожаның өз мөрі(суретте) бүгінде Түлкібаста тұратын Якуб(Жақып) кожа Нәжмаддинұлының отбасында сақтаулы тұр. Ер Сейітпенбет кожа ұрпақтарын ел «Ер Сейітпенбет кожалар» деп атаса, сұрасан елге өздері: «Қорасан кожа тайпасынан тарайтын Ер Сейітпенбет кожа руынанбыз» деп таныстырады. Қорыта айтқанда, ғұлама Ер Сейітпенбет баба - Сыр бойының аты аңызға айналған тарихи тұлғаларының бір екендігін дау жоқ!

Қысқартылып алынды
Баспаға дайындаған З.ӘЛИ

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІ – ӘДЕПТІЛІК СИМВОЛЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің бес институционалдық реформаны жүзеге асырудың 100 нақты қадамының 12 қадамында жаңа этикалық ережелерді енгізу белгіленген.

Әдептілік - адам бойындағы жағымды қасиет, оның қоғамда қабылданған әдеп талаптарын мінсіз орындауы. Қоғам мемлекеттік қызметші өзінің барлық күш-жігерін, білімі мен тәжірибесін өзі жүзеге асыратын кәсіби қызметіне жұмсайды, өзінің Отаны - Қазақстан Республикасына қалтқысыз әрі адал қызмет етеді деп сенім білдіреді.

Мемлекеттік қызметшілер - адал, әділ, қарапайым болуға, жалпы қабылданған моральдік-әдептілік нормаларын сақтауға, азаматтармен әділ әріптестерімен қарым-қатынаста сыпайылық пен әдептілік танытуға тиіс.

Әдеп кодексі Этика мәселелері жөніндегі уәкілетті өкіл лауазымын енгізуімен де ерекшеленіп отыр. Қазіргі таңда, ҚР ДСМ Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің Әдеп жөніндегі уәкілі мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп нормаларын бұзу деректері бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарауды, олардың құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған

жағдайларда, оларды қорғауға және қалпына келтіруге бағытталған шараларды қабылдауды және басқа да функцияларды жүзеге асыру бағытында қызметін атқарып отыр. Әдеп нормаларын бұзуың алдын алу мақсатында Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасын және Әдеп кодексін сақтау мәселелері бойынша 20 дәріс-семинар, мемлекеттік орган өкілдерінің қатысуымен 5 құқықтық оқытулар, ақпараттандыру және түсіндірме бағытында 11 жеке қабылдау жүргізді.

Мемлекеттік қызметшілермен әдеп нормаларын мінсіз сақтау қызметтегі бағалауда және ілгерілеуде он әсерін тигізеді. Мақсат - жазалау емес, Әдеп ережелерін бұзушылықтың алдын алу.

**Жанерке ЖАҚСЫЛЫҚ,
ҚР ДСМ Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің Әдеп жөніндегі уәкілі.**

ӨНЕРЛІНІҢ ӨРІСІ КЕҢ

А.Токмағанбетов атындағы мәдениет үйінде республикалық жас өнерпаздар арасында «NEW ART STARS» өнер байқауы өтті. Байқауға Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Дизайн және технологиялар» кафедрасының «Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау» мамандығының студенттері қатысып, жеңімпаз атанды. Білім алушылар байқауға өздері дайындаған көлөнер туындылары мен көркем шығармаларын ұсынды.

«Этностильдегі ұлттық киімдер» жиынтығын әзірлеген Айгерім Жайылханова «Көлөнер» номинациясы бойынша бас жүлде иеленді. Жетекшісі - педагогика ғылымдарының магистры Асия Жүнісова. Ал педагогика ғылымдарының кандидаты Шолпан Қошқарованың жетекшілігімен «Тарихтан естеліктер» панноларын дайындаған Мәншүк Жұбатқан мен «Желсіз түнде жарық ай» атты картинасымен қатысқан Шынаралы Көбеген I орынмен марапатталды. Сонымен қатар «Бейнелеу» номинациясы бойынша педагогика ғылымдарының магистры Еркін Макашев жетекшілік еткен Еркежан Бақытбекқызының «Туған ел» көркем шығармасы I орыннан көрінді.

Әдемілік пен шеберлікті ұштастырып, үздік атанған студенттер Дубай еліне жолдама иеленді. Айта кетейік, іс-шараны «DALADARYN» шығармашылық орталығы ұйымдастырды.



КОНФЕРЕНЦИЯ ӨТТІ

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде тарихшы, ғалым Мұхаммед Хайдар Дулатидің 525 жылдық мерейтойына арналған «М.Х.Дулати мұраларының тарихи, өркениеттік аспектілері» атты республикалық конференция өтті.

Конференцияны Әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор Жандос Базартай жүргізіп, тарихи тұлғаның ғылыми мұрасын зерттеп, оның тарихи және мәдени маңыздылығын қазіргі заманмен ұштастырудың маңыздылығын атады. Конференция барысында еліміздің белелді ғалымдары бірқатар маңызды баяндамалар жасалды.

Алғашқы болып Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, ҚР ҰҒА академигі Берекет Кәрібаев «М.Х.Дулати – Қазақ хандығының тарихын туғыш зерттеуші» тақырыбында баяндама жасалды. Ол өз сөзінде Қазақ хандығы тарихындағы рөліне тоқталып, оның еңбектерінің бүгінгі ғылымға тигізер әсерін атап өтті.

М.Х.Дулати қорының директоры әрі Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Мұхтар Қазыбек «Мұхаммед Хайдар Дулати және Шығыс өркениеті» тақырыбында Дулатидің Шығыс өркениетіне қосқан елеулі үлесін жан-жақты талқылады.

Ал М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы Самен Құлбарак «М.Х.Дулатидің жазушылық шеберлігі және «Жаһан-наме» дастаны» тақырыбы аясында Дулатидің әдеби мұрасын, атап айтқанда «Жаһан-наме» дастанының көркемдік ерекшеліктерін сарптады.

Сонымен қатар, М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің профессоры, тарих ғылымдарының кандидаты Сейдахан Бастықоразов «М.Х.Дулатидің «Тарих-и Рашиди» еңбегіндегі тарихи – танымдық деректер» баяндамасында бұл еңбектің қазақ тарихына қосқан құнды үлесіне тоқталды.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Тарих және археология» БББ профессоры, тарих ғылымдарының докторы Өтеубай Қожақұлы «Тарих-и Рашиди» еңбегінің аудармалары мен қолжазба нұсқалары жайында» баяндамасында Дулатидің қолжазбаларының аударылу тарихы мен ерекшеліктерін талқылап, «Тарих және археология» БББ ғалымы, тарих ғылымдарының докторы Тастанбек Сәтбай «М.Х.Дулати – саясаткер, ғалым, қолбасшы» тақырыбы бойынша Дулатидің саяси қызметі мен әскери қолбасшылық қабілеттерін жан-жақты баяндады.

Конференция соңында қатысушылар Мұхаммед Хайдар Дулатидің шығармашылық және ғылыми мұрасы қазіргі заман үшін өзекті екенін атап өтіп, оның еңбектерін әрі қарай терең зерттеу қажеттілігін айқындады.

Қармақшы аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысының 2024 жылдың IV- тоқсанында жеке азаматтарды қабылдау кестесі

Орталық атқарушы органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның аты- жөні	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
«Қармақшы аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Н. Асанова	Бөлім басшысы	Апта сайын, сәрсенбі жұма күні сағат 17.00- 19.00	Жосалы кенті, Көшербасев көшесі № 34 үй	2-31-08

Меншік иесі: «Сан-Ай» пресс ЖШС

**Директор-Редактор
Егиншибаева Анар
Жақсыбекқызы**

**Жауапты хатшы
Зибаш ӘЛИ**
8 705 982 76 61

**Ақылдастар алқасы:
Әбілбай Садықбаев
Данияр Сұлтанбеков
Рысбай Кәрімов**

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, 2021 жылдың 28 сәуір айында есепке алу туралы № КЗ36VPY00035077 куәлігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті ҚР СТ ИСО 9001-2016 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 - Ғ, 19.10.2007 ж

**Редакцияның мекен-жайы:
Тоқмағанбетов**
көшесі 36 а,
1 қабат 4 кабинет
Телефон:
8 777 752 54 63

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байтұрсынөв көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62
Газеттің басылу сапасына жауапты «PRINT» баспаханасы.

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты
Тел: 23-54-91

Қолжазба еңделеді және авторға қайтарылмайды
Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді

**Таралымы 9820 дана
Индекс 66503
Тапсырыс №243**

**E-mail: gazeta_eltilegi@mail.ru
Электронды нұсқасы:
https://ret-gazeta.kz/**